

**Шу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 11 наурыздағы "2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" № 87 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облысы Шу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 3 тамыздағы N 240 Қаулысы. Жамбыл облысы Шу ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 11 қыркүйекте Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 76 болып енгізілді. Күші жойылды-Жамбыл облысы Шу аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 2 қыркүйекте № 315 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды-Жамбыл облысы Шу аудандық әкімдігінің 02.09.2015 ж. № 315 қаулысымен.**

**РҚАО ескертпесі. Орыс тіліндегі мәтіні жоқ болып табылады, мемлекеттік тілінде мәтінге қараңыз.**

**РҚАО ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесіне сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" Шу ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 11 наурыздағы № 87 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 6-11-70 тіркелген, 2009 жылдың 28 наурыздағы № 26 және 8 сәуірдегі № 29 нөмірлерінде "Шу өңірі", "Шуская долина" газеттерінде жарияланған) келесі толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

Аталған қаулының № 1 қосымшасы

24. "Шу аудандық ішкі істер бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

25. Қазақстан Республикасы "Қазақ автожол" Республикалық мемлекеттік кәсіпорны Жамбыл облысы филиалы жол пайдалану учаскесі № 37 – деген сөздерімен толықтырылсын.

Қаулының № 2 қосымшасы жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Нәметқұловқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарынан тіркелген күннен бастап заңды күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2009 жылдың 1 мамырынан бастап туындайтын қатынастарға таратылады.

Аудан әкімі

Б. Қарашолаков

"КЕЛІСІЛДІ"

"Жамбыл облысы ішкі істер департаменті

Шу аудандық ішкі істер бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ш. Жапабаев

2009 ж.

Қазақстан Республикасы "Қазақ автожол"

Республикалық мемлекеттік кәсіпорны

Жамбыл облысы филиалы ЖПУ № 37

Е. Әбішев

2009 ж.

Шу ауданы әкімдігінің  
2009 жылғы 3 тамыздағы  
№ 242 қаулысына № 2-қосымша

**2009 жылға арналған қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсыныс**

№	Жұмыс түрлері	Нақты жұмыс жағдайлары	Көлемі	Қаржыландыру көздері	Еңбегіне төленетін ақының мөлшері (адам басына)	Сұраныс (ныс)	Ұсыныс (ныс)
1	Аудан аумағын экологиялық сауықтыру (көріктендіру, және тазалық жұмыстары)	1. Арық тазалау 2. Күл қоқыс шығару 3. Гүл егу және оны күту	110 шақырым 1800 тонна 2700 шаршы метр	Жергілікті бюджет	20205	102	95
				Жергі-			

2	Егілген талдардың сақталуын қамтамасыз ету	Тал егу	25 000 түп	лікті бюджет	20205	90	82
3	Республикалық және аймақтық науқандар өткізу шараларына қатысу.	1. Сауалнама жүргізуге қатысу 2. Санақ жұмыстарына қатысу	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	20205	45	42
4	Бюджеттік мекемелерді қысқарту мерзіміне дайындауға және ағымдық жөндеу жұмыстарына қатысу	Ақтау, сырлау	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	20205	25	22
5	Соғыс ардагерлері мен тұрмысы төмен отбасыларын анықтауға қатысу	Іс қағаздарымен жұмыс, құжат толтыру	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	20205	13	11
6	Мектеп кі-тапханаларында жыртылған кітаптарды түптеуге, желімдеуге көмектесу	Кітаптарды түптеу және желімдеу	8-10 мың кітап	Жергілікті бюджет	20205	11	11
6.	Мерке-Шу-Бу-рылбайтал, Шу-Благодешинка автожолында жұмыстар атқару	Жол жиегіндегі ағаштарды бұтап әктеу, жол белгілерін сырлау және бирманың айналасындағы шөбін отау	171 км	Жергілікті бюджет	20205	20	20
7.	Шу қаласы мен ауылдық, селолық округтердегі учаскелік полиция инспекторларына көмек көрсету	Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге және ауыл аймақтарында мал ұрлығына жол бермеу мақсатында учаскелік полиция инспекторларына қоғамдық көмекші болуға	Қажеттілігіне сәйкес	Жергілікті бюджет	20205	17	17
<b>Барлығы</b>						<b>323</b>	<b>300</b>